

"Әуликөл ауылы әкімінің 2009 жылғы 4 қарашадағы № 3 "Әуликөл селосындағы көшені қайта атау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл селосы әкімінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 маусымда № 4896 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылдың 3 шілдедегі № 121-V Конституциялық Заңына сәйкес, Әуликөл ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Әуликөл ауылы әкімінің 2009 жылғы 4 қарашадағы № 3 "Әуликөл селосының көшесіне қайта атау туралы" шешіміне, (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-7-108 тіркелген, 2010 жылғы 10 қаңтарында "Әуликөл" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін: мемлекеттік тіл тақырыбындағы және бүкіл мәтін бойынша "селосындағы" деген сөз "ауылындағы" деген сөзбен ауыстырылсын.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Д. Кусайнов